

2015 жылы өткізілетін бірыңғай мемлекеттік сатып алулардың кейбір мәселелері туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 38 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 ақпанда № 4888 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімі

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

Облыстық, аудандық және Қызылорда қаласының бюджеттік бағдарламалар әкімшілері үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы болып "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі а й қ ы н д а л с ы н .

Қосымшаға сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы орындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер а й қ ы н д а л с ы н .

"Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

Осы шешімнің орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н. Г о д у н о в а ғ а жү к т е л с і н .

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімінің
2015 жылғы "16" ақпандағы № 38 шешіміне
қосымша

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы орындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер

№ р/р	Атауы
1.	Тауарлар:

1)	серверлерді сатып алу (оларды сатып алуға бөлінген қаржы тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген жиырма мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаған жағдайда)
2.	Жұмыстар:
1)	денсаулық сақтау нысандарының жаңа құрылысы
3.	Көрсетілетін қызметтер:
1)	мүгедектердің санаторлық-курорттық емделуі

Е с к е р т п е :

Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысымен орындалатын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу:

1) өнім берушіні таңдауды және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды регламенттейтін "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын қолданбай;

2) ерекше тәртіп қолданыла отырып жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуларға қолданылмайды.